

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ
ҚАЗАХСТАН

БҮЙРЫҚ


ПРИКАЗ

2017 жылғы 12 наурыз № 128

Астана к.

г. Астана

2016 - 2017 оқу жылын аяқтау және
орта білім беру ұйымдарының
білім алушыларын қорытынды
аттестаттаудан өткізу туралы



«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ меншік нысанына және ведомствоның бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарында 2016-2017 оқу жылын ұйымдастыру түрде аяқтау мақсатында

БҮЙЫРАМЫН:

1. Оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері белгіленсін:

1) Меншік нысанына және ведомствоның бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында оқу сабактарының аяқталуы - 2017 жылғы 25 мамыр;

2) 9 (10) сыныптың білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары – 2017 жылғы 30 мамыр - 9 маусым, мемлекеттік бітіру емтихандары - 2017 жылғы 29 мамыр - 1 шілде.

2. 9 (10) және 11 (12) сыныптардың білім алушылары қорытынды аттестаттауды «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бүйрығымен (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 125 бүйрық) бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидаларына сәйкес тапсырады.

010638

9 (10) сыныптың білім алушылары қорытынды аттестаттауды мынадай нысандарда және мерзімдерде тапсырады:

1) тандау бойынша пәннен (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет, шетел тілі (ағылшын, француз, неміс), информатика) ауызша емтихан – 2017 жылғы 30 мамыр;

2) орыс, өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде қазақ тілінен ауызша емтихан және қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс тілінен ауызша емтихан - 2017 жылғы 3 маусым;

3) ана тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан (оқыту тілі бойынша) (гуманитарлық циклдегі пәндерді тереңдетіп оқытатын мектептердің білім алушылары үшін – шығарма, қалған білім алушылар үшін - диктант) – 2017 жылғы 6 маусым;

4) математикадан жазбаша емтихан - 2017 жылғы 9 маусым.

11 (12) сынып білім алушылары қорытынды аттестаттауды мынадай нысандарда және мерзімдерде тапсырады.

1) ана тілі және әдебиетінен (оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан – 2017 жылғы 29 мамыр;

2) тандау бойынша пәннен (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, әдебиет, шетел тілі (ағылшын, француз, неміс), информатика) тестілеу – 2017 жылғы 2 маусым;

3) орыс, өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде қазақ тілінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс тілінен тестілеу - 2017 жылғы 2 маусым;

4) алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан - 2017 жылғы 6 маусым;

5) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан - 2017 жылғы 9 маусым;

3. Бір немесе екі пәннен қанағаттанарлықсыз баға алған 9 (10) және 11 (12) сыныптардың білім алушылары мектепте тиісті оку пәндері бойынша 2017 жылғы 10 маусым – 1 шілде аралығында қайта қорытынды аттестаттаудан өтүге жіберіледі.

4. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары, республикалық мамандандырылған жалпы білім беру үйімдары:

1) 2016 - 2017 оқу жылын осы бұйрықтың және № 125 бұйрыктың талаптарына сәйкес аяқтауды қамтамасыз етсін;

2) білім алушылардың ұлттық бірыңгай тестілеуге катысуын үйімдастырын;

3) 9 (10), 11 (12) сыйыптардың білім алушыларының мектепті 2017 жылғы 1 шілдеде бітіруін қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ж.А. Жонтаева) «Ұлттық тестілеу орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кесіпорынымен (Р.С. Әлімқұлов) бірлесіп 11 (12) сыйыптардың білім алушылары үшін емтихан тапсырмаларының пакеттерін дайындауды және облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармаларына, сондай-ақ республикалық мамандандырылған орта білім беру ұйымдарындағы 9 (10) және 11 (12) сыйыптары білім алушылары үшін 2017 жылғы 23 мамырға дейін жеткізуі ұйымдастырын.

6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ж.А. Жонтаева) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кесіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Зан қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Э.А. Суханбердиеваға жүктелсін.

8. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі**

Е. Сағадиев

